

**Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 29 желтоқсандағы N 435 өкіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 8 сәуірдегі N 544 Өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 маусымдағы № 588 Жарлығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 24.06.2013 № 588 Жарлығымен.**

**" А к т і л е р ж и н а ғ ы н д а "**

**жариялануға тиіс**

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Терроризмге қарсы орталығы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 29 желтоқсандағы N 435 өкіміне (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., N 50, 572-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақтағы "және Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігімен" деген сөздер ", Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігімен, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігімен, Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігімен және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитетімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Орталыққа Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының қауіпсіздік жүйелерін және террористік қатерді бейтараптандыруға дайындықты күшейту жөніндегі шаралар кешенін іске асыруға, оның ішінде Терроризмге, экстремизмге және сепаратизмге қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік бағдарламада көзделген бақылауды жүргізу жөніндегі өкілеттіктер берілсін.";

3-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігіне, Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігіне және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитетіне" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер

министрлігі, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі, Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті өздерінің актілерін осы өкімге сәйкес келтірсін.

*Қазақстан Республикасының*  
*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК